

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ

18 мамыр 2022 жыл

№: AIFC-C/CFI/2022/0002 ic

«CASPIAN RESEARCH GROUP» ЖШС

Талап қоюшы

және

«ASTANA INVEST» ЖШС

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Соттың Судьясы:

Судья Эндрю Спинк QC

БҰЙРЫҚ

1. АХҚО Сотының 2017 жылғы Регламентінің 27(2)(а) және/немесе 27(6) ережелеріне және/немесе АХҚО Сотының 2018 жылғы Қағидаларының 1.7 Қағидасына сәйкес осы Бұйрықпен және Шешіммен байланысты және/немесе олардан туындайтын барлық мақсаттар үшін қаулы етеді:

(а) № AIFC-C/CFI/2022/0002 іс бойынша 2022 жылғы 16 ақпанда берілген талап /арыз нысаны («Талап нысаны») АХҚО Сотының 2018 жылғы қағидаларының 23-бөлімінде жазылған «Қысқартылған талап өндірісіне» сәйкес берілген Талап нысаны болып есептеледі және сонымен қатар, қажет болған шамада, Талап нысанында көрсетілген арызды беру мақсаттары үшін қажет арызды беру туралы кез келген хабарлама болып та саналады;

(b) Талап нысанында «Талап қоюшы 2» ретінде көрсетілген тарап қойылған талап бойынша Жауапкер және Талап нысанында берілген арыз бойынша Жауапкер болып саналады (және Талап нысаны талап қою үшін де, сол сияқты, бұл қаншалықты қажет болғанына қарай, арыз беру үшін де тиісті түрде табыс етілген) және;

(с) Талап нысанында «Талап қоюшы 1» ретінде көрсетілген тарап осы талап бойынша Талап қоюшы және осы арыз бойынша Арыз беруші болып саналады.

2. АХҚО компаниялары туралы 2017 жылғы Регламенттің 124-тарауына сәйкес Сот Арыз берушінің Жауапкермен қосылуы көзделген қайта құру туралы ұсынылған келісімді санкциялады.

3. АХҚО компаниялары туралы 2017 жылғы Регламенттің 126-тарауына сәйкес Сот Жауапкер Арыз берушімен олардың арасындағы 2022 жылғы 14 ақпандағы Бірігу туралы келісімнің негізінде біріктірілуін қаулы етеді.

ШЕШІМ

Кіріспе

1. № AIFC-C/CFI/2022/0002 іс шеңберінде 2022 жылғы 16 ақпандағы Талап нысаны/Арыз («Талап нысаны») арқылы берілген арыз бойынша, Талап нысанында «Талап қоюшы 1» ретінде көрсетіліп, онда «Caspian Research Group Ltd жеке компаниясы» және кәсіпорынның сәйкестендіру нөмірі бойынша («БСН») 200840900235 ("Компания") ретінде көрсетілген және (2) онда «Astana Invest» ЖШС («ЖШС») ретінде және (Талап қою нысанына ілеспе құжаттамада) БСН 180140042013 ретінде көрсетілген тараптар бірлесіп мыналарға қол жеткізуге ұмтылып отыр:

- (a) АХҚО компаниялары туралы 2017 жылғы Регламенттің («АХҚО компаниялары туралы регламент») 124 тарауына сәйкес Компания мен оның 100% акционерлері Үсенов Данияр Бекбергенович ("Акционер 51%") және Найзабекова Алтынгүл Толбиевна ("Акционер 49%") ("Акционерлер") арасында ұсынылған ЖШС-ның Компаниямен қосылуын қамтитын келісімді санкциялау туралы бұйрық шығарылуына; және
- (b) АХҚО компаниялары туралы Регламенттің ЖШС-ның Компаниямен қосылуын қолданысқа енгізетін 126 тарауына сәйкес бұйрық шығарылуына (126 тарау арызда тікелей көрсетілмегенімен, осында (b) тармақшасында сұратылып отырған бұйрық үшін бұл АХҚО компаниялары туралы Регламенттің тиісті тарауы, мен осыны басшылыққа аламын).

Процедуралық мәселелер

2. Алдымен мен алдын ала процедуралық мәселені қарауым керек.
3. Талап қою нысанында, бір қарағанда, қойылған талап бойынша Жауапкер де, Талап нысанында берілген арыз бойынша Жауапкер де жоқ. Бұдан басқа, Талап нысаны АХҚО Сотының 2018 жылғы қағидаларының 4-бөліміне сәйкес (онда талап қоюларды қарауды бастаудың жалпы қағидалары баяндалған) талап арыз болып табылатыны, әлде АХҚО Соты қағидаларының 23-бөліміне (онда «Қысқартылған талап қою өндірісі» баяндалған) сәйкес талап арыз болып табылатыны түсініксіз. Мұның өзектілігіне АХҚО Сотының қағидаларының 6.1 және 6.2 қағидаларымен көңіл аудартылады, оларда кез келген арызды беруге қатысты келесілер көзделген:

“6.1 Тарап Сотқа арыз берген кезде:

(1) 4-бөлімге сәйкес талап қоюды бергенге дейін, ол, егер Сот басқаша қаулы етпесе, Қағидалардың 23-бөліміне сәйкес, қысқартылған өндіріс шеңберінде Талап арыз дайындайды және табыс етеді;

(2) 4-бөлімге сәйкес талап қоюды бергеннен кейін, ол осы бөлімнің қағидаларына сәйкес арыз туралы хабарлама дайындайды және табыс етеді.

6.2. Осы Бөлімде:

(1) «Арыз туралы хабарлама» талап қоюшы соттың Бұйрығы шығарылуын сұрау туралы өзінің ниетін мәлімдейтін құжатты білдіреді;

(2) «Жауапкер» мынаны білдіреді:

(а) оған қатысты бұйрық шығарылуы сұралып отырған адам; сонымен қатар

(b) Сотпен анықталған басқа адам».

4. Егер Талап нысанын АХҚО Сотының қағидаларының 4-бөліміне сәйкес берілген талап арыз ретінде қараған болса, онда оған табыс етілетін Жауапкер ғана емес, сол сияқты артынан, 4-бөлімде көрсетілгендей, Жауапкерге талап арыз табыс етілгеннен кейін орындалуы тиіс түрлі процессуалдық әрекеттер де, соның ішінде 11-бөлімге сәйкес талап қоюмен наразылықтар туралы мәліметтер де болуы тиіс, олардың бірде-біреуі мұндай талапта орынды немесе қажетті болмас еді. АХҚО-ның Компаниялар туралы регламентінің 124 және 126 тарауларына сәйкес берілген және фактілер туралы елеулі дауға әкелуі неғайбіл жалғыз арыз бойынша бұйрық сұратылып отырған құқықтық қорғаудың жалғыз құралы болып табылатын осы талап АХҚО Сотының қағидаларының 23-бөлімінде жазылған «Қысқартылған талап өндірісі» үшін жақсырақ келеді (23.1(1) қағиданы қараңыздар).
5. Алайда, егер Талап арыздың нысанын Сот 23-бөлімге сәйкес берілген нысан ретінде қараса, бұның өтінішхат беруге қатысты 6.1(1) Қағиданы қолдану жанама әсері болар еді, осыған байланысты егер қажетті өтінішхат 23-бөлім бойынша талап нысанында берілсе, өтінішхат туралы бөлек хабарламаның керек еместігі жеткілікті түрде түсінікті болып көрінеді (ал егер іс қарау 4-бөлім бойынша кінәрат-талап нысанында басталған болса, өтінішхат туралы бөлек хабарлама керек болатыны сөзсіз): 6.1(2) қағиданы қараңыздар).
6. Бұдан басқа, «Қысқартылған талап өндірісі» 23-бөлімі пайдаланылған жағдайда, наразылық берудің қажеттігі жоқ (23.4(1)(а) қағиданы қараңыздар).
7. 23.6 қағидада сонымен қатар практикалық нұсқаулық туралы ереже бар болуы көңіл аударарлық, онда «Қысқартылған өндіріс шеңберіндегі талап арызды» Жауапкердің атын көрсетпей беруге болатын мән-жайлар баяндалған. Мұндай практикалық жетекшілік әлі қабылданбағанымен, бұл АХҚО қағидаларының 1.6 қағидасында жазылған Негізгі мақсатқа сәйкес, 23.6 қағиданың негізінде жатқан саясат «Қысқартылған талап өндірісі» 23-бөліміне лайық келетін мәселелерді тіпті, ықтималды түрде Жауапкердің қажеттілігін толық жоюға дейін тез және тиімді шешуге жәрдемдесуде болып табылатынын растайды.
8. Бұл жөнінде Практикалық нұсқаулық жоқ жағдайда, мен бұл мәселеде Сот 23.6 қағидамен көзделген тәртіппен Жауапкерсіз әрекет ете алады деп санамаймын. Алайда мен сілтеме жасаған негіз құраушы айқын саясатты назарға ала отырып, маған Сот өзінің тиісті басқарушылық

өкілеттіктерін жүзеге асырған кезде тиісті жағдайда Талап арызда көрсетілген «Талап қоюшылардың» бірі қойылған Талап бойынша Жауапкер немесе Жауапкерлер және (бұл қажет болған шамада) Талап арызда берілген өтінішхат бойынша Жауапкер немесе Жауапкерлер болып саналатын сияқты (және мен осылай қорытынды жасаймын).

9. Істерді жүргізу бойынша бұл өкілеттіктер АХҚО Сотының қағидаларының 1.7 және 1.8 қағидаларына сәйкес АХҚО Сотының регламентінің 27(2)(а) («(2) Сот: (а) оның юрисдикциясы бар мәселелер бойынша ол орынды деп санайтын, соның ішінде істерді жүргізуге, уақытша қаулыларға және орындауға қатысты) кез келген өкімдер шығара алады) және 27 (6) («Сот егер ол негізгі мақсатқа сәйкес келетініне көз жеткізсе, кез келген процессуалдық талаптардан бас тарта алады») қағидаларында жазылған.
10. Менің ойымша, бұл осындай тәсілдемені қолдануға болатын іс, өйткені талап қоюда баяндалған арызды бере отырып, «талап қоюшылардың» бірі ретінде ЖШС, кем дегенде, арыздың Талап арызда көзделген тәртіппен берілуіне және қаралуына және Сот мұндай нәтижеге жәрдемдесу үшін өз өкілеттіктерінің шеңберінде барлық қажетті қадамдарды қабылдауы үшін өз келісімін білдірген болып санала алады. Яғни, залал келтірілмейді – және негізгі мақсатқа - осы елеулі ниетті тиісінше процессуалдық нысанға әкелетін бұйрықтың шығарылуымен қол жеткізіледі деп санаймын. Тиісінше, мен Бұйрықтың 1-тармағында жазылған нұсқауды жасауды ұсынамын.
11. Күмән келтірілмес үшін, 1(а) тармағы Бұйрыққа енгізілген, өйткені АХҚО Сотының қағидаларының 23.5(1) қағидасы 23-бөлімге сәйкес Талап арызда талаптың «Қысқартылған талап өндірісіне» сәйкес беріліп отырғаны көрсетілуін талап етеді. Талап арызда бұл көрсетілмеген, сондықтан, солай бола тұра, оның 23-бөлімге сәйкес Талап арыз болып саналуын көздейтін бұйрық керек.
12. Бұйрықтың 1(с) тармағының салдары Компанияның (болжамды Талап қоюшы/Арыз беруші ретінде) АХҚО компаниялары туралы регламенттің 125(5) тарауына сәйкес қабылдануы тиіс кейінгі қадамдарды қабылдауы тиістігі болады.

АХҚО-ның Компаниялар туралы регламентінің 124 және 126 тарауларына сәйкес мән бойынша арыз

13. Енді мен АХҚО-ның Компаниялар туралы регламентінің 124 және 126 тарауларына сәйкес сот көмегі туралы арызды қарауға ораламын.
14. Компания «Астана» халықаралық қаржы орталығында тіркелген жеке компания болып табылады (Талап арызда көрсетілген Құжат 5 және Талап арыздың 3-тармағы) және АХҚО-ның Компаниялар туралы регламентінің мәнінде «Компания» болып табылады (осы Регламенттің 1-қосымшасындағы анықтамаларды қараңыздар). Компанияның «құрылтайшылары» және жалғыз

акционерлері болып табылатын акционерлер – жеке тұлғалар (Талап арызда көрсетілген Құжат 2 және кейіннен Сотқа «Хаттама, Caspian Research Group 14.02.2022» атымен ұсынылған, Компанияның қатысушыларының жалпы жиналысының 2022 жылғы 14 ақпандағы хаттамасы болып табылатын қосымша құжат).

15. ЖШС АХҚО-дан тысқары тіркелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ететін заңды тұлға болып табылады (Талап арызда көрсетілген 4 және 7 құжаттар). Ол сияқты Акционер 49% да ЖШС-ның жалғыз құрылтайшысы, акционері және/немесе жалғыз қатысушысы болып табылады (Талап арызда көрсетілген Құжат және кейіннен Сотқа «Хаттама, Astana Invest 14.02.2022» атымен ұсынылған, Акционер 49% ЖШС атынан 2022 жылғы 14 ақпанда қабылдаған ЖШС-ның шешімі болып табылатын қосымша құжат).
16. Жоғарыда көрсетілгендей және Сот Бұйрығының 1-тармағына сәйкес, Компания Талап арызда берілген талап бойынша болжамды Талап қоюшы және АХҚО-ның Компаниялар туралы регламентінің 124 және 126 тарауларына сәйкес Бұйрық шығару туралы арыз бойынша болжамды Арыз беруші болып табылады. ЖШС болжамды Жауапкер болып табылады. Арыз наразылық тудырмайды.
17. Бұл арызға Компанияның атынан қол қоюға тиісті түрде өкілеттік берілуі тиіс деп мәлімдейтін 51%-дық Акционердің қолы қойылған мәліметтердің шынайылығы туралы мәлімдемемен күшейтілген Талап арызда және Талап арызда тізіліп келтірілген және/немесе Сотқа кейіннен ұсынылған құжаттарда (жоғарыда және төменде көрсетілгендей) акционерлердің Компания атынан және 49%-дық Акционер атынан ЖШС-ның тиісті түрде тағайындалған «директоры» және «өкілі» Ағатаева Жанар Батырхановнамен бірге ЖШС-ның Компаниямен қосылуына ЖШС атынан келіскені көрсетілген (Талап арыздың 1 және 2-тармақтары мен жоғарыда және төменде көрсетілген құжаттар).
18. Бұл мәселе Талап арызда тікелей қарастылмағанымен, мыналарды атап өту керек:
 - (a) АХҚО-ның Компаниялар туралы регламентінің 124(2) тарауы Сотқа компания акционерлерінің жиналысын өткізу туралы өкім ету құқығын бергенімен, бұл жағдайда мұндай өкім беру керек етілмейді, өйткені ұсынылған процедураны жалғыз акционерлер жоғарыда көрсетілгендей мақұлдап қойған;
 - (b) әрі қарай, 124(3) тараудың компания акционерлерінің акционерлер жиналысына қатысып отырған және дауыс беріп отырған төрттен бірін білдіретін көпшілік туралы талап етуі орындалған (жоғарыда және төменде аталған «Хаттама, Caspian Research Group 14.02.2022» аталатын құжат);

(с) әрі қарай 2022 жылғы 14 ақпандағы «Жеке компанияның жауапкершілігі шектеулі серіктестікпен қосылуы туралы келісімге» сәйкес (Талап арызда көрсетілгендей Құжат 3) («Қосылу туралы келісім»),

1. Компания заңмен белгіленген мерзімде Компанияның барлық өзіне белгілі кредиторларына Компанияны және ЖШС-ны қайта ұйымдастыру туралы қабылданған шешім жөнінде жазбаша хабарлауы тиіс; және
2. ЖШС өзінің кредиторлары мен қарызгерлерін анықтауы тиіс және заңмен белгіленген мерзімде Компанияның барлық өзіне белгілі кредиторларына Компанияны және ЖШС-ны қайта ұйымдастыру туралы қабылданған шешім жөнінде жазбаша хабарлауы тиіс.

19. Арызды қолдау үшін берілген құжаттар мыналарды қамтиды:

(a) жоғарыда аталып кеткен әртүрлі құжаттар (төменде аталған басқа құжаттармен бірге), олардың кейбірі Сотқа Талап арыз берілгеннен кейін ұсынылғанын және Талапта көрсетілмегенін атай отырып;

(b) Компанияның Жарғысы (Талап арызда көрсетілген Құжат 6);

(d) мәліметтердің шынайылығы туралы мәлімдемемен күшейтілген, Компанияның атынан Акционер 51% қол қойған және ЖШС атынан Ағатаева Жанар Батырхановна қол қойған «Кредиторларға хабарланғаны туралы мәлімдеме» (Сотқа Талап арыз берілгеннен кейін ұсынылған);

(e) мәліметтердің шынайылығы туралы мәлімдемемен күшейтілген, Компанияның атынан акционер 51% қол қойған және ЖШС атынан Ағатаева Жанар Батырхановна қол қойған «Қаржылық жағдай туралы мәлімдеме» (Сотқа Талап арыз берілгеннен кейін ұсынылған), оған екі қосымша құжат, атап айтқанда тиісінше 2022 жылғы 13 сәуірдегі және 2022 жылғы 12 сәуірдегі жағдай бойынша Компаниялардың әрқайсысы мен ЖШС-ға қатысты мемлекеттік органдарда тіркелген берешектің жоқтығы (бар екендігі) туралы анықтама.

20. Қосылу туралы келісім ЖШС-ның барлық құқықтары мен міндеттемелерін Компанияға табыстаумен ЖШС мен Компанияны қосу нысанында қайта ұйымдастыру жүргізу туралы ЖШС мен Компания арасындағы келісімді сипаттайды. Қосылу туралы келісімнің 1.3 тармағында «жоғарыда аталған екі «хаттамалық» құжатқа тікелей сілтеме бар және Компания мен ЖШС-ның бұл

құжаттарда жазылған шешімдері қайта ұйымдастырудың Қосылу туралы келісімнің пәнін құрайтын негізі болып табылады.


21. Жоғарыда қысқаша баяндалған мәселелер Компания мен оның 100% акционерлері, Үсенов Данияр Бекбергенович («Акционер 51%») пен Найзабекова Алтынгүл Толбиевна («Акционер 49%») арасында ұсынылған келісім болып табылатындықтан (124(1)(b) тарау), АХҚО-ның Компаниялар туралы регламентінің 124 тарауы бұл жағдайда қолдануға келетініне мен қанағаттанамын.
22. Сотқа осы ұсыныс бойынша дауыс беру үшін акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы бұйрық шығару жөнінде арыз (124(2) тарау) берілген жоқ және мен жоғарыда 18(a) тармақта көрсетілген себеп бойынша мұндай бұйрық керек емес деп санаймын.
23. Сотқа бұл ұсынысқа қарсы қандай да бір наразылық туралы хабарланған жоқ. Оның үстіне, (a) Сотқа оларға қатысты ақпарат берілген барлық кредиторларға/контрагенттерге ұсынылған қайта ұйымдастыру жөнінде ақпарат берілген (жоғарыда 19(d) тармақта аталған «Кредиторларға хабарланғаны туралы мәлімдеме» де Талап арыз берілген күнге ЖШС-ның дебиторлық берешегі жоқ болғанын және Компания мен ЖШС-ның қаржылық ахуалы тұрақты болып табылатынын растайды), (b) Компанияның да, ЖШС-ның берешегі жоқ (жоғарыда 19(e) тармақта аталған «Қаржылық жағдай туралы мәлімдеме»), (c) Компанияның жарғылық капиталы қайта ұйымдастыру мен қосылудан кейін Компания мен ЖШС-ның алдыңғы капиталдарына тең болатын (Қосылу туралы келісімнің 3.1 тармағы) және (d) Компания мен ЖШС-ның әрқайсысы ұсынылып отырған қайта ұйымдастыруға, соның ішінде ЖШС-ның барлық міндеттемелерінің Компанияға табысталуына келісетін және бұл ретте Компания мен ЖШС бір-бірінің алдында өздерінің осы құжаттың 23(a) және (b) тармақшаларында көрсетілген барлық тиісті активтері мен міндеттемелерін ашып көрсеткен мән-жайларда ұсынысқа ЖШС-ның барлық міндеттемелерін Компанияға табыстау жолымен үшінші тұлғалардың жағдайын қорғау үшін рұқсатты болып көрінеді.
24. Бұл мән-жайларда мен ұсынылған келісімді АХҚО-ның Компаниялар туралы регламентінің 124(3) тарауына сәйкес Соттың бұйрықпен санкциялағаны мақсатқа сай деп санаймын.
25. АХҚО-ның Компаниялар туралы регламентінің 126 тарауында егер Сотқа компания мен оның акционерлері арасындағы келісімді санкциялау туралы 124 тарауға сәйкес арыз берілетін болса, «Сот компанияны қайта құруды немесе компанияның кез келген басқа компаниямен қосылуын қоса, келісімді ... жеңілдету үшін ол қажет деп санайтын кез келген бұйрықтарды шығара алатыны» көзделген. Әрі қарай «бұл тарауда компания деп АХҚО-дан тысқары тіркелген корпоративтік ұйым түсініледі» делінген.

26. Осыған байланысты бұл жағдайда қосылуға қатысатын заңды тұлғалардың бірі, атап айтқанда ЖШС, АХҚО-да тіркелген «Жеке Компания немесе Жария компания» ретіндегі оның бастапқы ұғымында да (АХҚО компаниялары туралы регламенттің 1-қосымшасының 4-тармағына сай), корпоративтік ұйым емес, жауапкершілігі шектеулі серіктестік болғандықтан «АХҚО-дан тысқары тіркелген корпоративтік ұйым» да болмайтын болса, Соттың 126-тарауға сәйкес бұйрық шығаруға өкілеттіктері бар-жоқтығы туралы мәселе туындайды. Бұл жөнінде мен Бұйрықтың 126 тарауға қатысты бөлігін құрастыру бойынша сэр Стивен Ричардс № AIFC-C/CFI/2021/0002 істе оның шешімінің [11]-де қабылдаған тәсілдемемен келісемін және оны қабылдаймын, онда ол былай деген:

*"ЖШС-ны Компаниямен біріктіру ұсынылып отырған келісімнің негізінде жатыр және, менің көзқарасымша, осы келісімді жеңілдету үшін бірігудің болғаны мақсатқа сай. АХҚО-дан тысқары тіркелген жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысуымен бірігу тараудың тікелей тұжырымдамасына жатпайды, **алайда бұл тұжырымдама жүзеге асыруға болатын бірігу нысандарына қатысты әбден жеткілікті болып табылмайды** («... Компанияны басқа Компаниямен біріктіруді қоса»). Мен бұйрықтың тиісті жағдайда Компанияның жауапкершілігі шектеулі серіктестікпен бірігуіне неліктен қолданылмауы тиістігінің, сол сияқты бұл тұрғыдан алғанда АХҚО-дан тысқары тіркелген жауапкершілігі шектеулі серіктестік АХҚО-дан тысқары тіркелген заңды тұлғадан нашар жағдайда неліктен болуы тиістігінің түбегейлі себептерін көріп тұрғаным жоқ». (үзінді қосылған).*

27. Сондықтан мен Сот АХҚО-ның Компаниялар туралы регламентінің 16 тарауына сәйкес ЖШС-ның Компаниямен 2022 жылғы 14 ақпандағы Қосылу туралы келісімде (Талап арызда көрсетілгендей Құжат 3) жазылған негізде қосылуы туралы бұйрық шығаруы тиіс деген қорытындыға келемін.

Сот қабылдады,



Эндрю Спинк QC,
Судья, АХҚО Соты

